

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ ЖАҢАНДАНУ, АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ-ЛАР ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ТАЛАПТАРҒА САЙ ДАМЫП КЕЛЕДІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТЫП, ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА БЕТ БҰРДЫ. ОСЫ БАҒЫТТА Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІН БЕЛСЕНДІ ЕНГІЗІП КЕЛЕДІ.

Университеттің негізгі миссиясы – жоғары білікті мамандар даярлау және өңірдің ғылыми-өндірістік әлеуетін арттыру. Осы мақсатқа жету үшін оқу үдерісінде цифрлық технологиялар, жобалық оқыту, студентке бағытталған әдістер және ғылыммен интеграцияланған білім беру тәжірибесі қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары студенттердің зерттеу дағдыларын, сыни ойлау қабілетін, өзіндік жауапкершілігін дамытып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болып шығуына мүмкіндік береді.

1. Цифрлық білім беру ортасы: Ш.Есенов университетінде білім беру үдерісінің негізін цифрлық білім беру ортасы құрайды. Оқу процесінде электронды платформалар, онлайн курстар, қашықтан оқыту элементтері және цифрлық оқу-әдістемелік кешендер кеңінен пайдаланылады. LMS (Learning Management System) жүйесі оқу процесін бақылауға, студенттердің белсенділігін бағалауға және кері байланысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мысалы, университеттің ресми сайты бойынша студенттерге арналған онлайн платформаларда сабақ кестесі, бейне-дәрістер, электронды кітапхана және тест тапсырмалары бар. Бұл студенттердің өз бетімен білім алуын жеңілдетеді және олардың уақытын тиімді пайдалануға көмектеседі.

Аудиториялар заманауи техникалық құралдармен жабдықталған: интерактивті тақталар, мультимедиялық презентациялар, бейнедәрістер мен виртуалды зертханалар. Бұл құралдар әсіресе инженерлік, техникалық және жаратылыстану пәндерінде теорияны практикамен ұштастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар кейбір пәндер бойынша виртуалды лабораториялық жұмыстар студенттерге нақты өндірістік немесе эксперименттік зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

2. Жобалық және тәжірибеге бағытталған оқыту: жобалық оқыту – университеттегі заманауи білім беру

технологияларының маңызды құрамдас бөлігі. Студенттер нақты өндірістік, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге арналған жобалармен жұмыс істейді, бұл аналитикалық ойлау, зерттеу жүргізу, командалық жұмыс және нәтижені қорғау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Дуальды оқыту жүйесі – университеттің негізгі артықшылықтарының бірі. Дуальды оқыту жүйесі бойынша педагогикалық мамандықтардың студенттері мен магистранттары мектептерде тәжірибеден өтіп, білікті ұстаздардан тәжірибе алмасуда. Бұл тәсіл педагогикалық білім берудің маңызды бөлігіне айналды.

Педагогикалық ЖОО-лар үшін мектептер дуальды оқытудағы басты серіктес болып табылады. Бұл жүйе студенттерге «теориядан практикаға» бірден өтуге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың кәсіби дамуын жеделдетеді және болашақта жұмысқа орналасуына жол ашады.

Жобалық оқыту әдістері студенттерге өз идеяларын ұсынуға, командада жұмыс істей білуге және уақытты тиімді басқаруға үйретеді. Бұл тәсіл болашақ мамандарды инновациялық ойлауға және еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларға дайындайды.

3. Студентке бағытталған оқыту технологиялары: университетте оқу процесі студенттің жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын ескере отырып ұйымдастырылады. Кейс-стади, проблемалық оқыту, топтық жұмыс, пікірталас және тренинг әдістері кеңінен қолданылады.

Мысалы, экономикалық, құқықтық және гуманитарлық пәндерде студенттер нақты жағдайларды талдап, шешім қабылдайды. Инженерлік бағыттарда студенттер техникалық тапсырмаларды шешу кезінде топтық және жеке жобаларды жүзеге асырады. Бұл әдістер студенттердің белсенділігін арттырып, сыни ойлау, өзіндік шешім қабылдау және жауапкершілік алу қабілеттерін дамытады.

Студенттердің оқу жетістіктерін бағалауда қалыптастырушы бағалау, портфолио, жобаларды қорғау сияқты инновациялық әдістер қолданылады. Бұл тәсіл студенттің оқу барысындағы жеке дамуын бақылауға және оқу сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

4. Оқытушылардың кәсіби дамуы Заманауи білім беру технологияларын тиімді енгізу үшін оқытушылардың кәсіби дамуы ерекше маңызды. Университетте профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық құзыреттілігін арттыру, заманауи әдістерді меңгеру және цифрлық құралдарды қолдану бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Сонымен қатар оқытушылар халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысып, заманауи тәжірибелерді оқу процесіне енгізеді. Бұл университеттегі инновациялық оқыту әдістерінің сапасын арттырады және студенттердің кәсіби дайындық деңгейін көтереді.

5. Ғылым мен білімнің интеграциясы: білім беру үдерісі университетте ғылыми-зерттеу қызметімен тығыз байланысты. Студенттер ғылыми жобаларға, стартаптар мен инновациялық бастамаларға қатысып, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырады. Мысалы, энергетика, мұнай-газ, ақпараттық технология факультеттерінде студенттер өздерінің ғылыми жобаларын өңірлік немесе халықаралық конференцияларда қорғап, тәжірибелік дағдыларын жетілдіреді.

Бұл білім беру моделі студенттерді тек теориямен ғана емес, практикалық мәселелерді шешуге және инновациялық ойлауға да бейімдейді. Университеттің ғылыми интеграциясы студенттердің зерттеу белсенділігін арттырады және олардың кәсіби құзыреттілігін дамытады.

Ш.Есенов университетінде қолданылатын заманауи білім беру технологиялары студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді. Цифрлық орта, жобалық оқыту, студентке бағытталған әдістер, оқытушылардың кәсіби дамуы және ғылыммен интеграцияланған білім беру – университеттің инновациялық тәжірибесінің басты құрамдас бөліктері. Бұл тәсілдер еліміздің жоғары білім беру жүйесінің дамуына елеулі үлес қосып, өңірдің интеллектуалды әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Назира АЖИГИТОВА,
Ш.Есенов атындағы КТЖИУ-дің аға оқытушысы.

«Бузачи Нефть» ЖШС қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр	
Жобаның атауы	1. Шығыс Қаратұрын кенорнында 1200 м (±250) жобалық тереңдігімен №№ОЦ-1, ОЦ-2, ОЦ-3 бағалау ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жоба 2. Оңтүстік Қаратұрын кенорнында 1200 м (±250) жобалық тереңдігімен №№304, 306, 307, 308, 309 пайдалану ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жоба
Қоғамдық тыңдаулар өткізетін күн, уақыт және орны	2026 жылғы 3 тамызда сағат 11:00-де мына мекенжай бойынша: Маңғыстау облысы, Шөбір ауылы, мәдениет үйі. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: СЕ 45022'50.3778" 52007'17.57094".
Атауы және байланыс, тапсырыс берушінің деректері	«Бузачи Нефть» ЖШС, Ақтау қ., 13-ш/а, 32 «В» ғимарат, тел. 8 (7292) 290-211; БСН: 0931240001487. Эколог: Кунсулу Тажмуратова, телефон: 87775996014.
Өзірлеушінің атауы және байланыс деректері	«О.С.Герштанский атындағы МұнайгазҒЗЖИ» АҚ, БСН: 970940000588 130000, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 8-шағынаудан, 38 «А» үй. Телефоны: 8 (7292) 600-208 (ішкі нөмірі 207). Электрондық поштасы: tselv1@nipi.kz
Интернеттегі байланыс сілтемесі	https://us06web.zoom.us/launch/jc/87081410647 Конференция сәйкестендіргіші: 870 8141 0647 Кіру коды: 768747
Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы	https://ndbecology.gov.kz/
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері	«Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Жобаларды экологиялық сараптау бөлімі – бас маман Сабина Базарбай, эл.пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.8(7292) 43-10-88; ұялы тел.+7 (778) 113-9897 Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

Бұл бос орын
СІЗДІҢ
ЖАРНАМАҢЫЗҒА
АРНАЛҒАН



ТЕЛЕФОН: 20-48-42

LADA GRANTA
автокөлігі сатылады.

* Жылы: 2016

* Қозғалтқыш көлемі: 1.6 л

* Жанармай: Газ / Бензин

* Беріліс қорабы: Механика (МКПП)

* Түсі: ақ

Байланыс нөмірі: 8 778 915 15 88



ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды:

• 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген шығарындылар нормативтері жобасы;

• 2027–2029 ж. арналған табиғат қорғау іс-шараларының жоспары;

• 2027–2029 ж. арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;

• 2027–2029 ж. арналған рұқсат етілген төгінділер нормативтері жобасы;

• 2027–2029 ж. арналған қалдықтарды басқару жобасы.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45.029531, 51.376787.

Тыңдаулар 2026 жылғы 27 шілдеде сағат 15:00-де өтеді.

Өтетін орны: Маңғыстау ауданы, Тұщықұдық ауылы, Тұщықұдық ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

ZOOM платформасы: https://us05web.zoom.us/j/84997652978?pwd=7nJRSg9xiabay4GDzve0BVRdYeODTbH.1

Конференция идентификаторы: 849 9765 2978.

Кіру коды: 7M1fX4.

Тұтынушы: «ЖАЛҒЫЗТӨБЕМҰНАЙ» ЕЖШС, 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 19-ш/а, 8-ғимарат, тел.: 8 (7292) 30-28-76, БСН: 050340002312. Жобаны өзірлеуші: «AccuTest» ЖШС, тел./факс: 8 (7292) 20-31-84, e-mail: labtest64@gmail.com.

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: labtest64@gmail.com.

Ескертулер мен ұсыныстар: <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекенжайы: s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«BUZACHИ OPERATING LTD» КФ (БОЗАШЫ ОПЕРЕЙТИНГ ЛТД) келесі жобалардың ҚОҚБ бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды: 1) Кезең XVII. Саты 1. «Өнеркәсіптік жетілдіру кезіндегі Солтүстік Бозашы кенорнын абаттау. 47 ұңғыма. Жолдар мен алаңдар. Манифольд станциялар MC-23/6, MC-East 2. Шығу және ішкі кәсіпшілік құбыр желілері. Электрмен қамтамасыз ету». 2) «Кезең XVII. Саты 2. Өнеркәсіптік жетілдіру кезіндегі Солтүстік Бозашы кенорнын жайластыру. 50 ұңғыма. Жолдар мен алаңдар. MC-East 3 манифольд станциялары. Лақтырмалы және ішкі кәсіпшілік құбыр желілері. Электрмен қамтамасыз ету». 3) «Кезең XVII. Саты 3. Өнеркәсіптік жетілдіру кезіндегі Солтүстік Бозашы кенорнын абаттау. 43 ұңғыма. Жолдар мен алаңдар. Манифольд станциялар MC- GS 9/3. Шығу және ішкі кәсіпшілік құбыр желілері. Электрмен қамтамасыз ету». 4) «Кезең XVIII. Саты 1. Өнеркәсіптік жетілдіру кезіндегі Солтүстік Бозашы кенорнын абаттау. 54 ұңғыма. Жолдар мен алаңдар. Манифольд станциялар MC-23/7. Шығу және ішкі кәсіпшілік құбыр желілері. Электрмен қамтамасыз ету». 5) «Кезең XVIII. Саты 2. Өнеркәсіптік жетілдіру кезіндегі Солтүстік Бозашы кенорнын абаттау. 55 ұңғыма. Жолдар мен алаңдар. Манифольд станциялар MC-12/5, MC-22/7, MC-East 2. Шығу және ішкі кәсіпшілік құбыр желілері. Электрмен қамтамасыз ету». 6) «Кезең XVIII. Саты 3. Өнеркәсіптік жетілдіру кезіндегі Солтүстік Бозашы кенорнын абаттау. 43 ұңғыма. Жолдар мен алаңдар. Манифольд станциялар MC-East 4. Шығу және ішкі кәсіпшілік құбыр желілері. Электрмен қамтамасыз ету». 7) «2026 жылдың жоспары бойынша Солтүстік Бозашы кенорнындағы қолданыстағы 65 ұңғымалардың жерасты учаскелерін ауыстыру», 8) Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 31 шілде сағат 11:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Таушық ауылы, мәдениет үйінде өтеді.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45° 11'00" сш, 51° 34'07" вд.

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/launch/edl?muid=3118d7c6-2b98-4970-b5ee-8dc2c8ff7624c>

Конференция идентификаторы: 893 6880 0953, **Кіру коды:** 146558.

Тапсырыс беруші: «BUZACHИ OPERATING LTD» КФ, 130000, Маңғыстау обл., Ақтау қ., 3-ш/а, 82-ғимарат, тел.: +7 702 529 88 44.

Жобаны өзірлеуші: «Инженерлік орталық» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Промышленная зона 4, 63/3, тел. +7 (7292) 52-28-43, эл.почта: eng-center@mail.ru, TOO «Construction NS», Ақтау қ., 17-ш/а, 20-үй, eco-rk@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Жауапты тұлға – С.Базарбай, электрондық пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, тел.: 8 (7292) 43-10-88.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады. Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурсында орналастырылған.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақтау қаласы, 12-шағын аудан, «Капитал» бизнес орталығы, 79/4-ғимараты мекенжайы бойынша орналасқан «QazaqGaz Aımaq» АҚ Маңғыстау өндірістік филиалы 2026 жылдың І жартыжылдығында тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында тауарлық газды тарату жүйелері арқылы тасымалдау жөніндегі бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы жартыжылдық есебінің тыңдауы 2026 жылдың 24 шілдесінде жергілікті уақыт бойынша сағат 11.00-де өткізетіні туралы хабарлайды.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

23.05.2019 ж Е.С.Непесовтың атына берілген №1498 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры

АСҚАР КИИКБАЙҰЛЫ РЗАХАНОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры, Қамқоршылық кеңестің мүшелері: А.Құлыбаев, Л.Марабаева, Р.Исаев, А.Утесинов, Т.Асенов, А.Сабирбаева.

РЕДАКЦИЯ ЖАРНАМА МАТЕРИАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА, СТИЛІ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ. МАТЕРИАЛ ТҮПНҰСҚА КҮЙІНДЕ ЖАРИЯЛАНАДЫ.